

**«Астрахан ауылының N1 мектеп- гимназиясы» КММ-де
“Жас маман – жаңашыл ұстаз” тақырыбында өткізілген
онкүндіктің есебі.**

2026 жылдың 30 наурыз – 10 сәуір аралығында «Жас мамандар» онкүндігінің ашылу салтанаты өткізілді.

Апталықтың мақсаты – жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәжірибе алмасу және білім беру үдерісіне жаңашыл идеяларды енгізу.

Онкүндіктің ашылуы ерекше әрі креативті форматта ұйымдастырылды. Таңертең мектепке келген оқушыларды жас мамандар «Бір мақал – бір тәтті» акциясы арқылы қарсы алып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Әрбір оқушыға тәрбиелік мәні бар мақал-мәтелдер айтылып, қызықты ойындар ойнап, тәттілер таратылды. Іс-шара барысында шағын концерттік бағдарлама ұсынылып, оқушылар мен мұғалімдерге көтеріңкі көңіл-күй сыйланды. Ашылу салтанаты барлық қатысушылардың белсенділігімен және ұйымшылдығымен жоғары деңгейде өтті. Алдағы күндері жоспарланған іс-шаралар жас мамандардың кәсіби дамуына, оқушылардың қызығушылығын арттыруға және мектеп өмірін жандандыруға бағытталған.

<https://www.instagram.com/reel/DWjs4pciMxU/?igsh=ZzRzb3NkMjU3cWNt>

01.04.2026 күні Жас мамандар апталығы аясында Күлкі күні ерекше көңілді форматта аталып өтті 😊. Оспанова Г. мен Қадырберді М. оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында қызықты ойын ұйымдастырып, әуенді жасыру арқылы олардың тапқырлығын сынады 🎵. Белсенді қатысқан оқушыларға тәттілер таратылып, мерекелік атмосфера орнады 🎉. Іс-шара оқушылардың қызығушылығын арттырып, жағымды эмоциялар сыйлады ✨

<https://www.instagram.com/reel/DWnnRSQCH06/?igsh=MTVvNDhidTJ2M3MxZw==>

1 сәуір – Күлкі күніне орай жас мамандар мектеп оқушыларын ерекше көңіл-күймен қарсы алды. Таңертең мектеп кіреберісінде оқушыларға жылы лебіздер айтылып, әзіл-қалжың, күлкілі ойындар ұйымдастырылды. Оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында түрлі қызықты элементтер (эмоджи, клоун бейнелері, шағын сыйлықтар) қолданылды. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттыру, жағымды атмосфера қалыптастыру және мерекелік көңіл-күй сыйлау болды.

<https://www.instagram.com/reel/DWnYysZCMD-/?igsh=bmd3djRtbmd3bWRw>

Бірлік бар жерде — жеңіс бар!

«Жас маман — жаңашыл ұстаз» апталығы аясында 4«Ә» сыныбында өткен ашық сабақтан көрініс.

📍 Тақырыбы: «Эстафеталық ойындар арқылы командалық жұмыс».

🕒 Уақыты: 16:50 – 17:35

Спорттық рух пен шынайы эмоциялар! 🏆 📸

Жауапты : Амангельдин Е.Б

https://www.instagram.com/p/DWypSnBiPFK/?img_index=2&igsh=MXI4b205MG5udjNyMg==

Командалық рух — жеңіс кепілі!

«Жас маман — жаңашыл ұстаз» апталығы аясында 4«Ә» сыныбында ашық сабақ өтті. 🏆 Тақырыбы: «Эстафеталық ойындар арқылы командалық жұмыс дағдыларын дамыту». Нәтижесі:

- Жылдамдық пен ептілік;
- Нағыз командалық бірлік;
- Оқушылардың керемет көңіл-күйі.

🕒 Уақыты: 16:50 – 17:35

Спорт пен достық жеңген сәттерден үзінді! 📸 📷

<https://www.instagram.com/reel/DWypIkLiBsU/?igsh=MXZ4MGxla3ZuMnBldg=>

≡

«Жас маман-жаңашыл ұстаз» жас мамандар онкүндігі аясында мұғалімдер мен оқушылар арасында волейболдан жарыс өтті. Тартысты да қызықты өткен ойында мұғалімдер командасы жоғары шеберлік көрсетіп, 1-орынды иеленіп, жеңіс кубогын қанжығасына байлады 🏆 Ал 2 және 3-орындарды оқушылар командалары өзара бөлісіп, тамаша ойын өрнегін көрсетті. Жарыс барысында қатысушылар белсенділік танытып, салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлестерін қосты. Аталған іс-шараны ұйымдастырып, өткізген – жас маман, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Амангельдин Ерасыл.

Осындай спорттық іс-шаралар ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, командалық рухты арттыра түседі 📸

<https://www.instagram.com/reel/DW4YcVriNDS/?igsh=MTd3YThiNmVhZDJxNw==>

📄 🎉 Жас мамандар онкүндігі аясында қызықты сайыс!

“Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы” КММ-де мұғалімдер арасында “OiLIKE” және “Quiz Show” интеллектуалдық сайыстары ұйымдастырылды.

🧠💡 Сайыс барысында қатысушылар өз білімдерін, тапқырлықтары мен

жылдам ойлау қабілеттерін көрсете білді. Әр кезең ерекше қызыққа толы болып, ұстаздар арасында достық атмосфера қалыптасты. 🤝

Осындай шаралар жас мамандардың кәсіби дамуына серпін беріп, ұжымдағы бірлікті нығайта түседі. Далелхан Е, Имантаева А. К

<https://www.instagram.com/reel/DW5kLhRCPHJ/?igsh=bnprN2RieWFmY3c4>

Жас мамандар апталығы аясында 08.04 күні жас маман Қадырберді М.А. 6 “А” сыныбында қазақ тілінен “Ең үлкен, ең кіші, ең қымбат, ең ауыр”

тақырыбында ашық сабақ өткізді. 📖 Сабақ барысында түрлі тиімді әдіс-тәсілдер қолданылып, оқушылардың қызығушылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Креативті тапсырмалар мен белсенді жұмыс түрлері арқылы білім алушылар өз ойларын еркін жеткізіп, сабаққа жоғары деңгейде қатысты. ✨ Жиі қолданылған заманауи тәсілдер сабақтың мазмұнын байытып, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал етті.

Нәтижесінде сабақ өте мазмұнды, тартымды әрі нәтижелі өтті. 🙌

<https://www.instagram.com/reel/DW7zSk0iJrH/?igsh=MWQwZWJ6bTJyY2x3Zw>

==

Жас мамандар онкүндігі аясында 7-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен Мұхтар Шахановтың «Нарынкұм зауалы» поэмасы «Әке үкімі» тақырыбында ашық сабақ өтті. 📖 ✨ Сабақ барысында оқушылар төмендегі оқу

мақсаттары бойынша жұмыс жасады: ◊ 7.1.4.1 – көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту; ◊ 7.2.3.1 – шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау. Оқушылар поэманың мазмұнын терең талдап, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп, өз ой-пікірлерін еркін жеткізді. 📖 💬 Сабақтың қызықты әрі сапалы өтуі үшін мұғалім түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, заманауи жасанды интеллект (ЖИ) мүмкіндіктерін де пайдаланды. 🗣️ 📊 Топтық жұмыстар, жұптық тапсырмалар арқылы оқушылардың белсенділігі артып, әдеби шығармаға деген қызығушылығы күшейді. ✨

Пән мұғалімі: Нурдиллаева М.Г.

https://www.instagram.com/p/DW8PUHmCAis/?img_index=1&igsh=MTUzYzEwb2Izd2FkdA==

Жас мамандар онкүндігі аясында 6 “Ә” сыныбымен “Comparative Adjectives” тақырыбында Оспанова Г.К. ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында тақырып мультфильм кейіпкерлері арқылы түсіндіріліп, оқушылар оларды өзара салыстыру арқылы жаңа білімді қызығушылықпен меңгерді. Оқушылардың белсенділігі жоғары болып, тапсырмаларға ерекше ынтамен қатысты. Сабақ тартымды да, мазмұнды өтті. ✨

<https://www.instagram.com/reel/DW-yxCMiK6o/?igsh=ZnA5eXNzZHQ3ZTZx>

Жас мамандар апталығы аясында 3”Ә” сыныбымен 10.04.2026ж күні жоспар бойынша Ы. Алтынсариннің “Таза бұлақ” тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті. Мақсаты: Ы.Алтынсариннің”Таза бұлақ “әңгімесін талдай отырып, кейіпкерлердің жауабына баға беру.Сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді вербальды емес тілдік құралдарды қолдану.Сабақ барысында оқушылар мәтінді түсініп қана қоймай, ондағы негізгі ойды өмірмен байланыстыра білді.Әсіресе,бұлақтың тазалығы арқылы адам бойындағы адалдық, тазалық, еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттердің дәріптелуі оқушыларға үлкен әсер қалдырды. Жас маман: Олжабек Пернегул

≡

14 сәуір күні 4 “Ә” сыныбымен ағылшын тілі пәнінен Айтжанова А. “Prepositions of place” тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты – оқушыларға орын предлогтарын (in, on, under, next to, between т.б.) дұрыс қолдануды үйрету және олардың сөйлеу дағдыларын дамыту болды. Сабақ барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылып, оқушылар белсенділік танытты. Көрнекі құралдар мен ойын элементтері тиімді пайдаланылып, оқушылардың қызығушылығы артты. Тапсырмалар жүйелі түрде беріліп, оқушылар тақырыпты жақсы меңгергені байқалды. Сабақ өз мақсатына жетті, оқушылар жаңа білімді игеріп, практика жүзінде қолдана алды. Жалпы сабақ жоғары деңгейде өтті #ағылшындакадасы #ашықсабақ

<https://www.instagram.com/reel/DXHyqlIAOb/?igsh=MWVpdGVhYjF0dW1qOA>

≡

Жас мамандар онкүндігі аясында мектебімізде Тілдер күніне арналған ерекше іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушыларға тосын тапсырма беріліп, кез келген жерде тоқтатылып, жатқа өлең айту ұсынылды. Бұл бастама оқушылардың тілге деген құрметін арттырып, есте сақтау қабілетін, сөйлеу мәдениетін дамытуға зор ықпал етті. Оқушылар белсенділік танытып, өз өнерлерін еркін көрсете білді. Тілге деген сүйіспеншілік пен шығармашылық қабілет тағы бір мәрте дәлелденді.

<https://www.instagram.com/reel/DXJSsXUD0fM/?igsh=MWJoYzhvN2FpdzIzMw>

≡

Мектебімізде “Жас маман - жаңашыл ұстаз “ жас мамандар онкүндігі аясында «Өнерлі өрге жүзер» тақырыбында сурет салу сайысы өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, өнерге деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Сайыс барысында оқушылар берілген тақырып аясында өз қиялдары мен шеберліктерін көрсете отырып, әртүрлі техникада суреттер салды. Қатысушылардың жұмыстары мазмұндылығы, көркемдік деңгейі, бояу үйлесімділігі және тақырыпты ашуы бойынша бағаланды.

Нәтижесінде үздік жұмыстар анықталып, жеңімпаздар марапатталды. Сайыс оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға үлкен ықпал етті. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті.

Жауапты: Кидирбаева Р.Д; Серикбаева Б.Н

<https://www.instagram.com/p/DXJbVsHiH95/?igsh=MTJhNzhld28yNnhoZg==>

Мектебімізде “Жас маман - жаңашыл ұстаз” аясында «Идеялар күні» түрлі шығармашылық және зияткерлік іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – оқушылар мен мұғалімдердің креативті ойлау қабілетін дамыту, жаңа идеялар ұсынуға баулу, бастамашылдық пен белсенділігін арттыру. Аталған күн барысында оқушылар өз жобаларын ұсынып, тың идеяларымен бөлісті. Әртүрлі форматта (топтық жұмыс, презентация, пікірталас, шеберлік сағаттары) өткізілген жұмыстар оқушылардың қызығушылығын оятып, өз ойын еркін жеткізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, оқушылар күнделікті өмірге пайдалы, мектеп өмірін жақсартуға бағытталған ұсыныстарын ортаға салды. Жауапты :Олжабек Пернегүл

https://www.instagram.com/p/DXMUM2PCOmO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Астрахан ауылының N1 мектеп - гимназиясының “Жас маман – жаңашыл ұстаз” тақырыбында ұйымдастырылған жас мамандар онкүндігі өз мәресіне жетіп, қорытындысы ерекше форматта өтті. Апталықтың жабылу салтанаты «Маска шоу» мерекелік іс-шарасымен жалғасын тапты. Аталған іс-шараның мақсаты – жас мамандардың шығармашылық қабілеттерін шыңдау, олардың жаңашыл идеяларын қолдау және ұжым арасындағы ынтымақтастықты нығайту болды.«Маска шоу» барысында қатысушылар түрлі образдарға еніп, өнерлерін ортаға салды. Олар ән айтып, би билеп, көріністер қойып, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Іс-шара ерекше атмосферада өтіп, жас мамандардың белсенділігі мен креативтілігі айқын көрінді.Осылайша, «Жас маман – жаңашыл ұстаз» онкүндігі мазмұнды да мағыналы іс-шаралармен есте қалып, жас ұстаздардың кәсіби дамуына, шығармашылық әлеуетінің артуына үлкен серпін берді.

Жауапты : Серикбаева Б.Н. Имантаева А.К.

<https://www.instagram.com/reel/DWvxMfCKTu/?igsh=MXNvZ244dmlmODM0Zg==>

ДОӘІЖО: Кошекбаева Гулназ Ахметовна

Жас мамандар жетекшісі: Серикбаева Балзия Назарбековна

